



Павлодар аудандық газеті

ЗАМАН ТЫНЫСЫ

2

қараша

2017 жыл,

№44 (8166)

1930 жылы 26 тамыздан шығады

■ Сайлау

АРҚАЛАҒАН ЖҮК - НАРДАЙ

Аптаның басында аудандық әкімдіктің мәжіліс залында екі округтың тағдыры шешіліп, халық қалаулылары Мичурин және Григорьевка ауылдық округтерінің әкімдерін сайлады. Сайлау регламентке сай жүргізіліп, бақылаушылардың айтуынша шара барысында ешқандай бұзушылықтар байқалмай, сайлау барынша өділ өткен.

Шығып кеткен ауылдық төрағалығымен өткен сайлаудың округ әкімдерінің орнына тәртібін аппарат басшысы Вера сайлауға, сайлау тәртібіне Гейнц түсіндіріп өтті.



2017 жылдың 28 қазанында Красноармейка ауылындағы «Балалар өнер мектебінде» бірінші сынып оқушыларына арналған қабылдау кеші өтті.

Жас музыканттар қатары толықты

Павлодар ауданының «Балалар өнер мектебі» жыл сайын өз қатарын өнер жолын іздеп келген өрендермен толтыруда. Міне, биыл да Красноармейка ауылындағы «Балалар өнер мектебіне» домбыра, қобыз, фортепиано сыныптарына кел-



ген оқушыларды салтанатты түрде бірінші сыныпқа қабылдады.

Биыл мектепте алғашқы рет қобыз сыныбы ашылды, жетекшісі Клара Төлеубаевна Жаманшолова. Сыныптың ашылуынан аз уақыт өтсе де, тәлімгер Әсел Каирова концертмейстердің сүйемелдеуімен қобызда ойнау өнерін көрсетті. Вокал сыныбының оқушысы Айгерім Амерханова сахнада өзін еркін ұстауымен, вокалдық ерекшеліктерімен көзге түсті.

Оқушыларды құттықтауға домбыра сыныбының түлектері Алдияр Кабиденов, Қуаныш Темірғалиев, Тамерлан Елубаев келіп, сахнада Дәулеткерейдің

«Түркімен» күйін шеберлікпен ойнап, көрермендерді тәнті қылды.

Өнер мектебінің директоры Әсем Бекенқызы ата-аналар алдында сөз сөйлеп, бала тәрбиесінде өнердің зор рөл атқаратынын атап өтті.

Кеш соңында бірінші сыныпқа қадам басқан оқушыларымыз сахна төріне шығып, ата-аналары мен ұстаздардың алдында жақсы оқуға, өнер жолында өз шеберліктерін шыңдауға, жас музыкант атағына лайық болуға ант берді.

Динара ГАББАСОВА,
директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары.